

№ 1 «31» 08 2021ж  
Педкеңесте қаралды:

Мектеп директоры  
М.К.Койшыгулова





Келісінді

Аудандық білім бөлімінің басшысы  
Р.А.Хайырмұқанбетов



**Тақырыбы:**  
**Қызықты бейнелер**

Сыныбы: МАД «б»  
Орындады: Г.С.Мамаева  
Мектепалды даярлық тәрбиешісі  
Ә/б отырысында қаралды:  
/ М. Б. Төлекбаева 

№ 1 Хаттама 31 күні 08 айы 2021ж  
Тексерілді: К. Ә. Әбимолда   
Бастауыш сыныптар жөніндегі орынбасары

Аудандық білім бөлімінің

әдістемелік кабинетінің меңгерушісі: О. Кас

Аудандық білім бөлімінің әдістемелік кабинетінің

әдіскері: М. М. Ажимкин

## Түсінік хат

Жалпыға бірдей міндетті оқыту стандартына сәйкес мектепке дейінгі оқыту мен тәрбие ұйымының және мектептің басты мақсаты-әр оқушыны мәдениетті, адамгершілігі жоғары, шығармашыл, әлеуметтік өмірге бейімделген, жаңашылдыққа құмар, талғамы биік тұлға етіп қалыптастыру. Осы қағиданы ескере отырып, алдыма қойған мақсатымды жүзеге асыру жолында балалардың ұйымдастырылған оқу қызметіндегі жаңа жетістікті ескере отырып, олардың қабілеті мен мүмкіндіктеріне сүйендім.

Заманымыздың дамуына орай, бейнелеу өнері алдыңғы орынды иеленіп отыр. Балалар бейнелеу өнері арқылы өзін қоршаған ортаны түсіне біледі.

Балаларды көркем бейнелеуге оқытудың маңызды шарты-ұйымдастырылған оқу қызметін қажеттерді құралдармен, материалдармен, оқу құралдарымен қамтамасыз ету.

Елбасының жолдауында «Адамның өмір бойы білім алуына жағдай тугызуымыз керек» - деген, яғни, білім мен тәрбиенің біртұтастығын сақтай отырып, жас ұрпақтың бойында өзіндік бағдарын айқындауға мүмкіндік беретін, табысты өмір сүруге жол ашатын, құзіреттілікті қалыптастыру қажет екенін анықтайды.

Балаларға бейнелеу өнерінде триздік әдісті пайдалану тұрғысында осы әдістемелік құралды тиімді деп есептеймін. Триздік әдіс – балалардың жас ерекшелігіне сай жеңіл, әрі қызықты әдіс.

Балалардың салған суреттер мен кескіндерді коллективті түрде көру үшін тұрақты, не аспалы стендтер қажет. Вариативтіктің бұл бөлімінде балаларға қажетті құралдар үлкен рөл атқарады. Сурет салу кезінде бояуға арналған үлкен ыдыс қажет, /кішкене құмырашалар, астына пластмасса подностар/, қылқаламды жуу үшін суды аузы кең ыдысқа құйып берген жөн. /200гр, 100гр мөлшеріндегі ыдыс жеткілікті/

Гуашпен сурет салу кезінде пайдаланылатын бұл әдістің 20 – ға жуық тәсілі бар. Мен жас ерекшеліктеріне қарай алты тәсілін ұсынып отырмын:

1. Бастырғыш әдісі; /картоппен/
2. Алақан әдісі;
3. Бүктеу әдісі;
4. Нүктелі әдәс; /құлақ тазалағышпен/
5. Сиқырлы сурет; /май шаммен/
6. Саусақпен салу әдісі.

Гуашпен, акварель бояуларымен жұмыс жасау барысында қағаз фактурасының және түсінің үлкен мәні бар. Ол үшін ең қолайлысы көзді, бұдыр ақ қағаз, сурет альбомы болып абылады.

Бейнелеу бөлімінде баланың бәрін үлкен суретші ету мақсат емес. Олар баланың еркіндік, шығармашылық, өз бетімен жұмыс жасау, қиялдау, ойлау қабілетінің бақылаушылық және бағалаушылық қасиеттерін арттыру үшін жүргізіледі.

«Ең алдымен – еркіндікке ынталандыру, сол арқылы ол өзін көрсетеді» - деген суретші - мұғалім Фридл Диккер.

Бала аңқау және сенгіш. Ол үлкендердің айтқанының бәрін тез ұғып алады. Сондықтан , оқу қызметін барысында менің алдымда баланың бейнелеу әрекетіне қызығушылығы мен сабаққа деген ынталары тұрады.

Бұл әдісті пайдалану:

- Біріншіден – эстетикалық тәрбие беруге;
- Екіншіден – сабақ кезінде қол қимылын көзбен бақылауды қалыптастыруға;
- Үшіншіден – шағын сюжетті құруға;
- Төртіншіден – шығармашылығын дамытуға арналған.

Шығармашылық жұмыстарын бағалау критерилері:

- Ойлау қабілетінің саналылығы – неғұрлым туындылары көп ойлар әкелумен қарастырылады: мысалы, заттарды оюлармен безендіру.
- Ойлау қабілетінің ерекшелігі – жаңа, тосын ерекше ойлар арқылы белгіленеді. Бұнда ерекше қалыптан тыс туындарға қолдау көрсетіліп отыру керек.
- Ойлау қабілетінің икемділігі – тез, әрі жеңіл шешімдер және жан – жақты байланыстыра жүргізу, мысалы, бұлтты жануарға, адамға, сөмкеге және т. б.
- Жаңа идеялар табу қабілетінің икемділігі – үйренгендерін, шығармашылығын ұштастыру, мысалы, әңгімені қызықты оқиғалар желісімен толықтыру.

Сондықтан, осы әдістемелік құралы бастауыш сынып мұғалімдеріне, мектепалды даярлық тобының және мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілеріне қолдануға ұсынып отырмын. Бұл әдістемелік құралда бір жылға 33сағат болып бірнеше тақырыптар қамтылды.

**Қызықты бейнелер**

<b>Р/С</b>	<b>Сабақтың тақырыбы</b>	<b>Сабақтың мақсаты</b>	<b>Сағаты</b>	<b>Күні</b>
1	Сықырлысуреттер сыры	Сабақтың әдіс-тәсілдері туралы түсінік беру, сықырлысурет сабағымен таныстыру.	1	03.09
2	Кемпіркөсақ	Кемпіркөсақпен таныстыру, түстердің ажырата білуге үйрету	2	10.09 17.09
3	Бұлттар көшіп барады	Бояу түрлерін дұрыс қолдана білуге үйрету, гүпканы пайдалану тәртібін ұғындыру	2	24.09 01.10
4	Алуан-алуан жапырақ	Күз мезгілімен таныстыру, тілбайлығын кеңейту. Триздік әдіс-тәсілдерін қолдану арқылы баланың бейнелеу сабағына деген қызығушылығын арттыру	2	08.10 15.10
5	Балапан	Үй құстары туралы білімдерін кеңейту өлең қаттату, еркін сөйлей білуге үйрету	2	22.10 29.10
6	Тотықұс	Тотықұспен таныстыру. Түстердің колоритін таңдай білу қабілетін дамыту. Құстарға қамқор бола білуге тәрбиелеу	2	12.11 19.11
7	Қыс	Табиғат ерекшеліктерін таныстыру. Қыс мезгілін бейнелету.	2	26.11 03.12
8	Үлпілдек мысық	Үй жануарлары туралы білімдерін кеңейту. Қамқорлыққа тәрбиелеу	2	10.12 17.12
9	Алма	Көкөніс, жеміс-жидекпен таныстыру, бейнелеу кезінде заттың көлемінажырата білуге дағдыландыру	2	24.12 14.01
10	Қошқар мүйіз	Балалардың бойына ұлттық салт-дәстүрді сіңіру бастырығыш тәсіл бойынша бейнелеуді үйрету	2	21.01 28.01
11	Алмағашы	Қоршаған ортаны қастерлей білуге тәрбиелеу, алмағашының қаламен бейнелей білуге үйрету	2	04.02 18.02
12	Көктем	Көктем мезгілінің ерекшеліктерін таныстыру, колоритті беру үшін бояулардың түрін таңдай білуге үйрету, баланың тілбайлығын арттыру	2	25.02 04.03
13	Салют	Салютпен таныстыру, саусақпен салу әдісін үйрету, мерекелік күндер туралы түсініктерін қалыптастыру	2	11.03 18.03
14	Ғарыш	Балалардың ғарыш туралы түсініктерін кеңейту, баланың қиялындамыту. сықырлысурет тәсілін меңгерту	2	01.04 08.04
15	Көбелек	Түстердің өзбеттерін шетандап, қолдана білуге үйрету, көбелекті бейнелету.	2	15.04 22.04
16	Төртбұрыш	Балаларды төртбұрыштың суретін салуға үйрету. Өзбетімен жұмыстана білуге тәрбиелеу.	2	29.04 06.05
17	Қызғалдақ	Гүлдердің түрлерін таныстыру, соның ішінде көктемгүлі-қызғалдақпен таныстыру. бастырығыш әдісін тереңрек ұғындыру	1	13.05 20.05
18	Көгершін	Бейбітшілік құсы-көгершінмен таныстыру. Алақан әдісін қолдану арқылы көгершінді сала білуге үйрету. Тақпақ қаттату арқылы баланың есте сақтау қабілеттерін арттыру, сөздік қорын молайту, тілбайлығын кеңейту.	1	20.05
<b>Барлығы</b>			<b>33</b>	

### **Бағдарламаның мақсаты:**

1. Тақырыптағы образды, бейнені кескінді сипаттап беру мақсатында түстерді өздігінен таңдай білуге дағдыландыру.
2. Дидактикалық ойындар, тақпақтар үйрету арқылы бейнелеу өнеріне деген баланың қызығушылығын арттыру.
3. Балалардың қиялын, логикалық-ойлау қабілеттерін триздік әдісті пайдалана отырып дамыту;
4. Баланың ізденісті шығармашылығын дамыту;
5. Еркіндікке, сол арқылы өзін өзі көрсете білуге тәрбиелеу.

### **Бағдарламаның міндеттері:**

1. Жас ұрпақтың бойында өзіндік бағдарын айқындауға мүмкіндік беру;
2. Мектеп жасына дейінгі баланың бейнелеу өнеріне деген қызығушылығын болдыру;
3. Бейнелеу өнері ішіндегі триздік әдіс-тәсілін игеруге даярлау;
4. Тез, әрі жеңіл шешімдер қабылдап және жан-жақты байланыстыра жүргізу;
5. Ойлау қабілетінің табиғи берілген қабілетінде бақылаушылық және бағалаушылық қасиеттерін арттыру.

### **Бағдарлама соңында күтілетін нәтижелер:**

1. Баланың эстетикалық талғамы қалыптасады;
2. Әртүрлі бояулармен, құралдармен сурет сала біледі;
3. Өз бетінше жұмыстану қабілеті артады;
4. Шығармашылығы дамиды;
5. Түстерді таңдап, кеңістікті бағдарлай біледі;
6. Колоритті беру үшін бояулардың үйлесімдігін жетік меңгереді;
7. Балалар мәселені түсінеді, мақсатты анықтайды, әрекеттің нәтижесіне қол жеткізу үшін қажетті құралдарды таңдай алады.

## Пайдаланган әдебиеттер

1. «Бейнелеу өнерінің әдістемелік нұсқауы».
2. «Балаларды тәрбиелеу программасына әдістемелік нұсқау», «Мектеп» баспасы
3. «Бала тәрбиесі» журналы, Алматы
4. Н.П.Сакулина, Т.С.Комарова «Балалар бақшасындағы бейнелеу жұмысы»
5. Каменева. Е. «Кемпірқосақтың түсі қандай?», Алматы, «Өнер» баспасы
6. «Қазақ ертегілері» Алматы, «Балауса» баспасы»
7. А.И.Савенков «Маленьки исследователь» Шығармашылық ойлау қабілетін дамыту
8. Әлмұхамбетов. Б., Балкенов. Ж., Сурет салу және бояумен жұмыс істеу әдістері. Алматы «Мектеп»,
9. Щипанов. А.С. Эуеской жас суретшілермен мүсіншілерге. Алматы «Мектеп»
10. П. А. Коралева басшылығымен. Учебный рисунок. «Изобразительное искусство»